

Кәсіптік бағдар беруші педагогтың жұмысына талдау
2025–2026 оқу жылының II жартыжылдығы
«Заречное ауылының ЖББМ» КММ

2025–2026 оқу жылының II жартыжылдығында кәсіптік бағдар берушінің жұмысы білім алушылардың саналы кәсіби өзін-өзі анықтауын одан әрі қалыптастыруға, түрлі қызмет салаларына қызығушылығын дамытуға, оқу мотивациясын арттыруға және болашақ білім беру бағытын таңдауға дайындауға бағытталды.

Кәсіптік бағдар беру қызметі жүйелі, бірізді түрде және бастауыш, орта, жоғары буын білім алушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілді. Жұмыс сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен, мектеп әкімшілігімен және ата-аналармен тығыз байланыста ұйымдастырылды.

II жартыжылдықта кәсіптік бағдар беру жұмысының келесі бағыттары жүзеге асырылды:

1. ақпараттық-ағартушылық қызмет;
2. диагностикалық жұмыс;
3. кеңес беру және дамыту жұмыстары;
4. білім алушыларды жеке сүйемелдеу;
5. ата-аналармен өзара әрекеттесу;
6. тәжірибеге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

Бастауыш буын оқушыларымен жұмыс

Бастауыш сынып оқушыларымен мамандықтар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру жұмысы жалғастырылды. Әр жұп апта сайын еңбекке қызығушылықты дамытуға және оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге бағытталған ойын сабақтары, әңгімелер, викториналар және шығармашылық іс-шаралар өткізілді.

Жұмыс барысында:

1. «Барлық мамандықтар маңызды», «Мен кім болғым келеді», «Мультфильмдерді кім жасайды?» (аниматор, мультфильм суретшісі), «Ғарышкер — ғарышты зерттеуші», «Актер мен режиссер — сахна мамандықтары», «Адам және жасанды интеллект», «Ұшқыш мамандығы — аспан бағындырушысы», «Полицей мамандығы», «Егістік батыры — комбайншы», «Дипломат мамандығы», «Шекарашы мамандығы: бейбітшілік пен қауіпсіздікті қорғау», «Актер мен режиссер — сахна мамандықтары» тақырыптарында әңгімелер өткізілді;
2. ойын жаттығулары мен рөлдік жағдаяттар ұйымдастырылды;
3. мамандықтар тақырыбында шығармашылық тапсырмалар мен суреттер орындалды;
4. түрлі еңбек түрлерінің маңыздылығы талқыланды;
5. танымдық бейнематериалдар көрсетіліп, талқыланды;
6. оқу орындарымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Оқушылар талқылауларға белсенді қатысып, кәсіби тақырыптарға қызығушылық танытты, сөздік қорлары мен заманауи мамандықтар туралы түсініктері кеңейді. Танымдық белсенділіктің артуы мен коммуникативтік дағдылардың дамуы байқалды.

Орта буынмен жұмыс

Орта буында кәсіптік бағдар беру жұмысы білім алушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктері мен қабілеттерін анықтауға, сондай-ақ өзін-өзі талдау дағдылары мен мамандық таңдауға саналы көзқарасты дамытуға бағытталды.

Әр тақ апта сайын:

1. «Киберқауіпсіздік маманы — болашақ мамандығы», «Шекарасыз мамандықтар: әлемнің кез келген жерінде жұмыс істеуге болады», «Танымал мамандықтар туралы аңыздар мен шындық» (блогер, дәрігер, экономист тақырыптарындағы әңгімелер циклі), «Кәсіби жолды қалай жоспарлау керек», «Хобби қалай мамандыққа айналады?», «Қазақстанның бүгінгі сұранысқа ие мамандықтары» тақырыптарында интерактивті әңгімелер өткізілді;
2. топтық талқылаулар ұйымдастырылды;
3. кәсіптік бағдар беру ойындары жүргізілді;
4. сауалнамалар мен шағын тесттер өткізілді;
5. сенімділік пен коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған тренингтік жаттығулар ұйымдастырылды.

Негізгі назар:

- кәсіби салалармен таныстыруға;
- сұранысқа ие мамандықтарды зерттеуге;
- мектеп пәндері мен болашақ мамандықтың өзара байланысын түсіндіруге;
- өз таңдауы үшін жауапкершілікті қалыптастыруға аударылды.

Білім алушылар кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелеріне саналы түрде қарай бастады, түрлі қызмет бағыттарына қызығушылықтары артты, өз қабілеттері мен қызығушылықтарын талдауды үйренді.

Жоғары буынмен жұмыс

Жоғары сынып оқушыларымен кәсіби өзін-өзі анықтау және болашақ білім беру бағытын таңдау бойынша мақсатты жұмыс жүргізілді.

Өткізілген жұмыстар:

- жеке кеңестер;
- кәсіби қызығушылықтарды анықтауға арналған сауалнамалар;
- мамандық пен оқу орнын таңдау туралы әңгімелер;
- заманауи еңбек нарығы талаптарына байланысты кездесулер мен талқылаулар;
- оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен жеке қасиеттерін талдау.

Ерекше назар:

- оқушыларды саналы мамандық таңдауға дайындауға;

- өзін-өзі бағалау және өзін таныстыру дағдыларын дамытуға;
- кәсіби таңдау үшін жауапкершілікті қалыптастыруға;
- кәсіби белгісіздікті төмендетуге аударылды.

Жоғары буын оқушыларының көпшілігі болашақ оқу бағытын анықтап, мамандық пен білім беру бағытын таңдауда сенімділіктері артты.

Диагностикалық жұмыс

Жартыжылдық бойы келесі мақсаттарда диагностикалық жұмыс жүргізілді:

- кәсіби қызығушылықтар мен бейімділіктерді анықтау;
- кәсіби ниеттердің қалыптасу деңгейін анықтау;
- кәсіби өзін-өзі анықтау барысында туындайтын қиындықтарды анықтау.

Диагностика нәтижесінде:

- білім алушылардың басым бөлігі техникалық, педагогикалық, медициналық және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттарға қызығушылық танытатыны;
- кейбір оқушылардың мамандық таңдауда ақпараттың жеткіліксіздігі мен өз мүмкіндіктеріне сенімсіздік салдарынан қиындықтарға тап болатыны;
- жекелеген оқушыларға жеке кеңес беру және сүйемелдеу қажеттілігі сақталатыны анықталды.

Алынған нәтижелер кейінгі жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыруда қолданылды.

Ата-аналармен жұмыс

II жартыжылдықта білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша ата-аналармен жұмыс күшейтілді.

Өткізілген жұмыстар:

1. жеке консультациялар;
2. балалардың кәсіби қызығушылықтарын қолдау бойынша ұсынымдар;
3. болашақ білім беру бағытын таңдаудың ерекшеліктерін талқылау;
4. «Баланың кәсіби өзін-өзі анықтауындағы ата-ананың рөлі» тақырыбында ата-аналар жиналысында баяндама.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыс отбасылардың балалардың кәсіби болашағына саналы көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті.

Ақпараттық жұмыс

Жартыжылдық бойы кәсіптік бағдар беру жұмыстары Instagram әлеуметтік желісінде тұрақты жарияланып отырды. Бұл білім алушылар мен ата-аналардың ақпараттандырылуын арттыруға, сондай-ақ мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Жұмыс қорытындылары

II жартыжылдықтағы кәсіптік бағдар беру жұмысы жүйелі, бірізді және тәжірибеге бағытталған сипатта болды. Жүргізілген жұмыс:

- білім алушылардың мамандық таңдау мәселелеріндегі саналы көзқарасын арттыруға;
- мамандықтар әлемі туралы түсініктерін кеңейтуге;

- кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтауға;
- кәсіптік бағдар беру жұмысының білім беру үдерісімен байланысын күшейтуге;
- оқушылардың оқу мен өзін-өзі дамытуға деген мотивациясын арттыруға мүмкіндік берді.

Анықталған қиындықтар

Жұмыс барысында келесі мәселелер анықталды:


1. кейбір білім алушылардың заманауи мамандықтар мен еңбек нарығы туралы ақпараттарының жеткіліксіздігі;
2. оқушылардың бір бөлігінің кәсіби бағыт таңдауда сенімсіздік танытуы;
3. ата-аналармен өзара әрекеттесуді одан әрі кеңейту қажеттілігі.

Келесі оқу жылына арналған перспективалар

Келесі оқу жылында:

1. барлық жас ерекшелік топтарымен жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмысын жалғастыру;
2. диагностикалық әдістемелер спектрін кеңейту;
3. жоғары сынып оқушыларын жеке сүйемелдеуді күшейту;
4. ата-аналармен өзара әрекеттесуді жандандыру;
5. түрлі мамандық өкілдерімен және оқу орындарымен кездесулер ұйымдастыру;
6. кәсіптік бағдар берудің тәжірибеге бағытталған түрлерін кеңейту;
7. әлеуметтік желілер арқылы кәсіптік бағдар беру жұмысының ақпараттық сүйемелдеуін жалғастыру жоспарлануда.

Кәсіптік бағдар беруші педагог:



Адушкина Л.В.